

**«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясына шекті бағаны өсірудің тиімділігін негіздей отырып, өсудің себебін растайтын құжаттар қоса берілген түсіндірме жазбасы**

2017 жылғы 1 ақпандағы «Қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына» сәйкес «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ келесі себептер бойынша электрмен жабдықтау бағасының **2026 жылғы 1 маусымнан бастап** қолданыстағы шекті бағадан жоғары көтерілетіні туралы хабарлайды.

**1. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері тарифтерінің өзгеруі.**

**1.1. «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтерді өзгерту.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті торағасының 27.03.2025 ж. №36-НҚ бұйрығымен «KEGOC» АҚ реттелетін қызметтеріне тарифтер өзгертілді, оның ішінде:

- 1) ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызмет:
  - 2026 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін **2,892 теңге/кВтсағ.**;
  - 2026-2035 ж.ж. арналған ҚР ұзақ мерзімді даму болжамына сәйкес 2026 жылғы 1 қазаннан бастап 2027 жылғы 30 сәуірге дейін индексстеу 7,5%, **3,109 теңге/кВтсағ** құрайды.
- 2) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет:
  - 2026 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін **0,086 теңге/кВтсағ.**
  - 2026-2035 ж.ж. арналған ҚР ұзақ мерзімді даму болжамына сәйкес 2026 жылғы 1 қазаннан бастап 2027 жылғы 31 мамырға дейін индексстеу 7,5%, **0,092 теңге/кВтсағ** құрайды.

Растайтын құжаттар: «KEGOC» АҚ мен «ПЭТК» АҚ арасында жасалған ұлттық электр желісін пайдалану және электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар, «KEGOC» АҚ қызметтеріне тарифтерді бекіту туралы бұйрық, 2026-2035 ж.ж. арналған ҚР ұзақ мерзімді даму болжамы (ҚР ҰЭМ, 2025 жылғы қазан).

**1.2. «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру және тарату жөніндегі реттелін көрсетілетін қызметтеріне тарифті өзгерту.**

ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №111 бұйрығымен бекітілген «Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызметтер көрсету қағидаларының» 5-1-тармағына, ҚР Энергетика министрінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы №471 бұйрығымен енгізілген өзгерістерге сәйкес «егер электр энергиясын беру және энергиямен жабдықтау бір заңды тұлғамен жүзеге асырылса, электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді ұсыну тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қызметтерінің құнына қосылады».

ҚР Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 601-тармағына сәйкес «ПЭТК» АҚ электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіп, 14,49 теңге/кВтсағ мөлшерінде, ҚҚС есептемегенде, бекітуге өтінім берді.

Осыған байланысты электр энергиясын беру және тарату жөніндегі "ПЭТК" АҚ қызметтеріне көрсетілген тариф жобасы «ПЭТК» АҚ электр энергиясына (электрмен жабдықтауға) шекті баға құрылымының жобасына енгізілген.

**1.3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ, «Қ. Сәтбаев атындағы канал» филиалының «Қазсушар» ШЖҚ РМК, «ФерроТрансТрейд» ЖШС, «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді өзгерту.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 12.11.2025 ж. № 96-НҚ бұйрығымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру жөніндегі қызметтеріне 2026 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ҚҚС есептемегенде **6,47 теңге/кВтсағ** мөлшерінде тариф бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының 12.11.2026 ж. № 96-НҚ бұйрығымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру жөніндегі қызметтеріне 01.01.2027 ж. бастап 31.03.2027 ж. дейін ҚҚС есептемегенде **6,27 теңге/кВтсағ** мөлшерінде тариф бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің 09.12.2025 ж. № 116-НҚ бұйрығымен «Қ. Сәтбаев атындағы канал» филиалының «Қазсушар» ШЖҚ РМК электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне, оның ішінде Павлодар пайдалану басқармасы бойынша 01.04.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін **2,70 теңге/кВтсағ** мөлшерінде тарифтер бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Павлодар облысы бойынша департаментінің 28.01.2022 ж. №12-НҚ бұйрығымен «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС электр энергиясын беру және тарату бойынша қызметіне **0,438 теңге/кВтсағ** мөлшерінде тариф бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Павлодар облысы бойынша департаментінің 25.06.2024 ж. №41-НҚ бұйрығымен «ФерроТрансТрейд» ЖШС электр энергиясын беру бойынша қызметіне **3,86 теңге/кВтсағ** мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитеті Департаментінің Павлодар облысы бойынша 29.11.2019 ж. № 111-НҚ бұйрығымен "ФерроТрансТрейд" ЖШС электр энергиясын беру жөніндегі қызметіне 3,93 теңге/кВтсағ мөлшерінде тариф бекітілді.

Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 20.08.2018 ж. №199-НҚ бұйрығымен Павлодар мұнай құбыры басқармасы үшін электр энергиясын беру және тарату жөніндегі «ҚазТрансОйл» АҚ қызметтеріне **0,38 теңге/кВтсағ** мөлшерінде тариф бекітілді (10.08.2024ж. бастап қолданыстағы электрмен жабдықтаудың шекті бағасымен салыстырғанда өзгеріссіз).

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалы – «Павлодар электрмен жабдықтау дистанциясы», «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы «Қазсушар» ШЖҚ РМК, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «ФерроТрансТрейд» ЖШС-тарының «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру және тарату бойынша қызметтерінің орташа өлшенген құны ҚҚС есептемегенде **1 кВт/сағ үшін 13,882 теңгені құрайды.** "

Растайтын құжаттар: «ПЭТК» АҚ мен энергия беруші ұйымдар арасында жасалған электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар; энергия беруші ұйымдардың тарифтерін бекіту туралы бұйрықтар.

**1.4. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының тұтынушылары үшін жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметке арналған шығындарды өзгерту.**

Бірыңғай сатып алушының ҚР Энергетика министрінің 03.12.2015 ж. №685 бұйрығымен бекітілген электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет бағасын есептеуі және интернет-ресурста орналастыру қағидаларына сәйкес электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет бағасы <https://rfc.kz/ru/power-market/prices-and-rates/price-for-the-service-to-ensure-the-readiness-of-electrical-power-to-bear-the-load/> сайтында жарияланып, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 31 желтоқсанға дейін ҚҚС есептемегенде **айына 1 560 850 теңге/МВт** құрайды, 2026-2035 ж.ж. арналған ҚР ұзақ мерзімді даму болжамына сәйкес 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 сәуірге дейін 1,075 % инфляция коэффициенті қолданылып, ҚҚС есептемегенде айына 1 677,914 мың теңге/МВт құрайды.

«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС мен «ПЭТК» АҚ арасында 07.11.2025 жылғы №14-01-ДОС-167 жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге шарт жасалды. Энергиямен жабдықтау мақсатында 2026 жылға арналған жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің шарттық көлемі 233,1 МВт құрайды, жоғарыда көрсетілген шартқа 31.03.2026 ж. №3 қосымша келісімге сәйкес қабылданды.

Электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС қызметтерінің орташа өлшенген құны ҚҚС есептемегенде **2,930 теңге/кВтсағ** құрайды.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 26.12.2025 ж. №32-10-11/1772-И хатына сәйкес «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-нен электр энергиясын сатып алу бағасы ҚҚС есептемегенде **14 теңге/кВтсағ** құрайды (01.08.2025 ж.бастап қолданыстағы шекті баға құрылымымен салыстырғанда өзгеріссіз).

## 2. Жабдықтау үстемесінің мөлшерін өзгерту.

«ПЭТК» АҚ 2025 жылғы 01 тамыздан бастап «ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ 24.07.2025 ж. № 55-1-06/50-НҚ дәлелді қорытындысына сәйкес тұтынушыларды тарифтер бойынша энергиямен жабдықтау қызметін көрсету бойынша қызметті жүзеге асырады.

2025 жылғы 1 тамыздан бастап орташа өткізу тарифінің құрылымындағы өткізу үстемесі 1,084 теңге/кВтсағ, электр энергиясын өткізудің жылдық көлемі 1 654 626 мың кВтсағ, барлығы 1 794 367 мың теңге сомасын құрайды.

Жабдықтау үстемесі қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті барлық шығыстарды өтеуді көздеуге тиіс.

2026 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін электр энергиясының шекті бағасының құрылымында жабдықтау үстемесі **1,723 теңге/кВтсағ** құрайды, жабдықтау үстемесі бойынша шығындар **2 885 756 мың теңгені** құрайды, «ПЭТК» АҚ тұтынушыларына электр энергиясын өткізудің жоспарланатын жылдық жиынтық көлемі – 1 674 992 мың кВтсағ, оның ішінде:

Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын электр энергиясын өткізу көлемі – 1 536 542 мың кВтсағ;

Павлодар облысының аумағындағы Уәлиханов, Мыңкөл тартқыш қосалқы станциялары – жеткізу/сату нүктесіне дейін Ресей Федерациясында «Российские железные дороги» ААҚ үшін «Интер РАО» ЖАҚ-нан сатып алынатын электр энергиясын өткізудің көлемі – 138 450 мың кВтсағ.

Жабдықтау үстемесі бойынша шығындарды үлестіру Бірыңғай сатып алушыдан және «ИНТЕР РАО» ЖАҚ-нан сатып алынатын электр энергиясын өткізу көлеміне барабар жүргізіледі.

1 кВтсағ үшін **1,723** теңге мөлшеріндегі жабдықтау үстемесінің жобасы негізді болып табылады, өйткені шығындардың барлық есептеулері қолданыстағы шарттарға, 2026-2027

жылдарға жасалған ниет хаттамаларына, баға ұсыныстарына сәйкес орындалды, тиісті негіздеуші құжаттармен бекітілді.

2026 жылғы 1 маусымнан бастап жабдықтау үстемесіндегі шығындар баптары бойынша негізгі өзгерістер:

#### **Еңбекақы төлеу шығындары**

Бір қызметкердің еңбегін төлеу үшін жұмсалатын еңбекақы төлеу шығындары есебіне 01.06.2026 ж. бастап 31.05.2027 ж. дейінгі кезеңде 595 675 теңге қабылданды, оның ішінде:

- ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросының «Қазақстан Республикасындағы қызметкерлердің саны мен еңбекақысы» деректеріне сәйкес 2025 жылғы Павлодар облысындағы «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және желдетілген ауамен жабдықтау» экономикалық қызмет түрі бойынша орташа айлық жалақы 01.06.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейінгі кезеңде 577 624 теңге (Т-14-02-К есебіне сәйкес (4 2025);

01.01.2027 ж. бастап 31.05.2027 ж. дейінгі кезеңде - 620 946 теңге = 577 624 теңге \*1,075 есебінен,

мұнда 577 624 теңге - 2025 жылғы салалық орташа айлық номиналды еңбекақы,

7,5 % - 2027 жылға Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді болжамы көрсеткіштері есебімен инфляция.

Орташа айлық еңбекақының бекітілген орташа айлық еңбекақымен салыстырғанда 2025 жылғы 1 тамыздан бастап өсуі 19,9 % құрайды.

Еңбекақы қорының өсуі 1 359 625 мың теңгеден 1 644 062 мың теңгеге дейін. Осу 284 437 мың теңгеге (21%). Еңбекақыны есептеуде 230 бірлік адам саны қабылданды.

Еңбекақы қорының өсуімен еңбекақыдан төленетін салықтар өседі, соның ішінде:

#### **Өндірістік персонал:**

- әлеуметтік салық 63 015 мың теңгеден 77 748 мың теңгеге дейін. Осу 14 733 мың теңге (+23 %);

- әлеуметтік аударымдар 54 743 мың теңгеден 66 263 мың теңгеге дейін. Осу 11 520 мың теңге (+21%);

- МӘМС 36 495 мың теңгеден 44 175 мың теңгеге дейін. Осу 7 680 мың теңге (+21%);

- ЖМЗС 11 927 мың теңгеден 40 778 мың теңгеге дейін. Осу 28 851 мың теңге.

#### **Әкімгершілік персонал:**

- әлеуметтік салық 7 414 мың теңгеден 9 058 мың теңгеге дейін. Осу 1 644 мың теңге (+22 %);

- әлеуметтік аударымдар 6 440 мың теңгеден 7 720 мың теңгеге дейін. Осу 1 280 мың теңге (+20%);

- МӘМС 4 294 мың теңгеден 5 147 мың теңгеге дейін. Осу 853 мың теңгеге (+20%);

- ЖМЗС 0 мың теңгеден 5 062 мың теңгеге дейін. Осу 5 062 мың теңгеге (+100 %).

Жалпы, еңбекақы төлеу қоры (жалақы қорын және жалақыдан алынатын салықтарды қоса алғанда) 1 543 952 мың теңгеден 1 900 014 мың теңгеге дейін ұлғаяды. 356 062 мың теңгеге ұлғайту (+23 %).

#### **Пайдалануға арналған материалдарға жұмсалатын шығыстарды ұлғайту**

2026 жылы материалдар құнының өсуіне байланысты «Пайдалануға арналған материалдар» бабы бойынша шығыстар ұлғаяды. Шығындар есебі тұтынушыларды энергиямен жабдықтау қызметін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға керекті қажеттілікті ескере отырып, жасалған шарттар, баға ұсыныстары негізінде орындалды. Жабдықтау үстемесінің жобасында «ПЭТК» АҚ-ның АБЖ материалдарын, кәсіпорынның жұмыс істеуі үшін қажетті ғимаратты күтіп-ұстауға арналған материалдарды сатып алу шығындар көзделген. 743 мың теңгеден 8 020 мың теңгеге дейін өсті. Осу 7 277 мың теңгеге.

#### **«Амортизация» бабы**

Амортизациялық аударымдардың өсуі негізгі құралдарды сатып алумен байланысты.

2025 жылғы желтоқсанда «ПЭТК» АҚ келесі объектілерді (ғимараттар мен құрылыстарды) сатып алды:

- Ақтоғай ауылының жер учаскесі (849 ш. м.);
- Ақтоғай ауылының әкімшілік ғимараты (82.4 ш. м.);
- Ақсу қ. тұрғын емес орынжайы (гараж) (52.3 ш. м.);
- Ақсу қ. тұрғын емес орынжайы (гараж) (100.8 ш. м.);
- Ақсу қаласының әкімшілік ғимараты (501.1 ш. м.)

Тиісінше, есепке жоғарыда көрсетілген НҚ-дың, сондай-ақ 2026 жылғы қаңтарда қабылданған машиналар мен жабдықтардың (ішкі IP бейнекамера, бейнебақылау жиынтықтары, компьютерлер, жүйелік блоктар, МФУ кондиционерлер және т. б.), өзге де НҚ-дың (кеңселік жиһаздың) амортизациялық аударымдары 7 291 мың теңге сомасында есепке алынды.

Негізгі қорлардың және материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдарының есебіне сүйене отырып, амортизация сомалары мен нормалары, НҚ қызмет ету мерзімі мен активтер құны көрсетілген "Амортизация" бабы бойынша шығындар есебі, 01.06.2026 ж.-31.05.2027 ж. аралығындағы кезеңде электрмен жабдықтау қызметі бойынша амортизация есебі қоса берілді.

#### **«Басқа ұйымдар қызметтері» шығындар бабы**

2026 жылға жасалған шарттарға және ниет хаттамаларына сәйкес көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар ұлғайтылды: автокөлік қызметтеріне, БТҚ жеткізу бойынша «Қазпошта» АҚ қызметтеріне, аудиторлық және актуарлық қызметтерге. Осу 81 200 мың теңгеге (+52,8 %).

#### **«Басқа шығындар» шығындар бабы**

2026 жылға жасалған шарттар мен ниет хаттамаларына, баға ұсыныстарына сәйкес кеңсе шығыстарына, байланыс қызметтеріне, төлем терминалдары мен өзге де ұйымдастыру техникасына техникалық қызмет көрсетуге, банк қызметтеріне, объектілерді күзетуге, негізгі құралдарды жөндеуге (НҚ құнының ұлғаюына әкелмейтін), орынжайларды, мүліктерді, жерді жалға алуға, бағдарламалық қамтуды сүйемелдеу шығыстары, ақпараттық қызметтер (БТҚ басып шығару, электрондық сауда алаңын пайдалану жөніндегі қызмет, тауарлар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығын жүргізу және пайдалануға беру жөніндегі қызмет, ақпараттық жүйе параграф заңгер "Строймастер" жиынтығы (Offline-нұсқасы), "Монополист" бағдарламасын пайдалану құқығы үшін), «ПЭТК» АҚ қажеттіліктері үшін бланк өнімдерін (журналдар, куәліктер) дайындау, «электрондық кезекке» қызмет көрсету бойынша шығыстарға.

Негізгі құралдарды сатып алуға байланысты өзге шығыстардың құрамына 809 мың теңге сомасында салықтық төлемдер мен алымдар (мүлік салығы) енгізілді.

Осу 117 526 мың теңгеге (+122,62 %).

#### **«Сыйақы төлеу шығындары» шығындар бабы**

«Қазақстан Халық банкі» АҚ-мен 14.06.2016 ж. № CL100049184819N1 кредиттік желісін беру туралы келісімге (жалпы сомасы 2 700 000 мың теңге, 14.06.2028 ж. дейінгі лимит шегінде берілген жылдық 21%) 01.08.2025 ж. № 15 қосымша келісім жасасуға байланысты есепке 522 034 мың теңге (ауытқу +100 %) сомасында сыйақы төлеуге арналған шығындар қабылданды.

Шығындарды есептеу, қосымша келісімдері бар банктік қарыз шарттары қоса беріледі.

### **3. «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларында» көзделген алынбаған табыс мөлшерінің өзгеруі**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларының 16-тармағына сәйкес:

Тұтынушылардың электр-энергиясына сараланған тарифтерді жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай қолдануына байланысты, сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді тұтынушылар қолданған кезде жеке және заңды тұлғалардың жалпы тұтыну

көлемінің үлес салмағының өзгеруіне байланысты энергиямен жабдықтаушы ұйым табысты толық алмаған немесе негізсіз табыс алған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі шекті бағаны негізсіз алынған табыс сомасына немесе толық алынбаған табыс сомасына түзетеді.

Егер электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы субъектіде келісілген шекті бағада ескерілген электр энергиясын сатып алу және (немесе) беру жөніндегі және (немесе) ұлттық электр желісін пайдаланғаны үшін шығыстар мен электр энергиясын сатып алу, беру жөніндегі және (немесе) ұлттық электр желісін пайдалану үшін нақты шығыстар арасындағы айырмашылықтың ұлғаюы нәтижесінде залалдар туындаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі электр энергетикасы саласындағы субъектінің ақпаратын қарау кезінде туындаған шығындарды ескере отырып, шекті бағаны түзетеді.

Егер электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы субъект электр қуатының электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша, ұлттық электр желісін пайдалану және (немесе) электр энергиясын сатып алу және (немесе) беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге байланысты, оның ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларының 59-тармағына сәйкес және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатумен байланысты шығындар бойынша кірісті толық алмаған немесе негізсіз кіріс алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі негізсіз алынған табыс сомасына немесе толық алынбаған табыс сомасына шекті бағаны түзетеді.

**3.1. «ПЭТК» АҚ 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша нақты алынбаған табысы ҚҚС есептемегенде – 3 284 471,995 мың теңгені құрады, оның ішінде:**

#### Тариф арқылы отелетін сомаларды есептеу

Көрсеткіштер	01.08.25 ж. бастап қолданыстағы тарифте көзделген өтемақы	«ПЭТК» АҚ жұмысының нәтижесі 2025 жылғы қаңтар-желтоқсан.	Тариф арқылы отелудің жиыны 01.06.2026 ж. бастап	Ескерту
1	2	3	4	5
2025 жылғы толық алынбаған кіріс (бекітілген шығыстардан нақты шығыстардың асуы)		-2 045 533 463	-2 045 535 463	2025 жылғы ағымды залалдар
Тұтыну көлемі бойынша және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді қолданудан болатын залалдар		-644 008 430	-644 008 430	2025 жылғы ағымды залалдар
ЭТН залалдары - 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы факт		-742 833 295	-742 833 295	2025 жылғы ағымды залалдар
<b>Барлығы ҚҚС-сыз нәтиже</b>	0	<b>-3 432 377 187</b>	<b>3 432 377 187</b>	2025 жылғы ағымды залалдар
01.08.2025 ж. дейін қолданыстағы тарифте "ПЭС" ЖНПС залалын өтеу		1 557 924 623	1 557 924 623	Жабылмаған залалдар
2025 ж. қаңтар-наурыз айларында "ПЭС" ЖНПС тарифі бойынша негізсіз алынған табыс, 01.08.2025 ж. бастап қолданылатын тарифте ескерілген негізсіз кіріс.	257 969 000	-125 254 645	132 714 355	Тұтынушыларға өтеу
01.08.2025 ж. бастап	-2 998 752 207	1 456 018 421	-1 542 733 786	



тарифте ескерілген дебиторлық және кредиторлық берешек арасындағы айырманың өтелмеген қалдығы				Жабылмаған залалдар
Барлығы ҚҚС-сыз отелді	-2 740 783 207	2 888 688 399	147 905 192	
Барлығы ҚҚС-сыз	-2 740 783 207	-543 688 788	-3 284 471 995	

Шығындар мен кірістер бойынша көрсеткіштерді қоса бере отырып, айлар бойынша егжей-тегжейлі есеп қоса беріледі.

Нақты шығындардың келісілген құрылымдардан ауытқуы және нақты шығындар құрылымы:

**3.1.1. «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ-ның 2025 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан кезеңіндегі ағымды залалдары 3 432 377 мың теңгені құрады:**

Баға белгілеу қағидаларының 48-тармағына сәйкес өз қызметін 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа шекті баға келісілгенге дейін жүзеге асыратын электр энергиясын бөлшек саудада өткізу саласындағы субъект өз қызметін 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асыратын субъектінің бұрын белгіленген шекті бағасын қолданады.

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 24 шілдедегі дәлелді қорытындысына сәйкес электрмен жабдықтау жөніндегі «ПЭТК» АҚ қызметтерінің шекті бағасы 2025 жылғы 1 тамызда қолданысқа енгізіле отырып, 32,58 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз) мөлшерінде келісілді.

**1) 2025 жылы алынбаған табыс (бекітілген шығыстардан нақты шығыстардың артуы) 2 045 535 мың теңге сомасында**

2025 жылы нақты қалыптасқан шығындар сомасы 46 580 223 мың теңгені құрады, көлемі 1 621 759 мың кВтсағ. 2025 жылы бекітілгендерге қатысты нақты шығыстардың артуы сатып алынатын электр энергиясының нақты өзіндік құнының (1 кВтсағ үшін ҚҚС есептемегенде 28,722 теңге) 1 кВтсағ үшін ҚҚС есептемегенде электр энергиясының орташа жылдық бекітілген құнына 26,195 теңгенің осуіне байланысты, оның ішінде:

**«ПЭТК» АҚ электр энергиясын беру бойынша нақты шығындар мен электрмен жабдықтауға шекті баға құрылымына енгізілген шығындар арасындағы айырмашылық нәтижесінде алынған 1 587 966 мың теңге сомасындағы залалдар.**

Электр энергиясын берудегі баға айырмашылығы кестеде ұсынылған:

Құрылым атауы	2024 ж. 10 тамыздан бастап қолданыстағы тариф (02.08.2024ж. №66-НҚ)	2025 ж. 1 тамыздан бастап қолданыстағы тариф (24.07.2025ж. №55-1-06/50-НҚ)
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ 2024 ж. тамыз-желтоқсан	8,446	
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ 2025 ж. қаңтар-шілде	8,208	
«Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ 2025 ж. 1 тамыздан бастап		10,77
"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ "Павлодар магистральдық желі бөлімшесі" филиалы 2024 ж. тамыз-желтоқсан	3,25	
"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ "Павлодар магистральдық желі бөлімшесі" филиалы 2025 ж. қаңтар-шілде	3,66	
"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ "Павлодар магистральдық желі бөлімшесі" филиалы 2025 ж. тамыздан бастап		5,41
"Қазсушар" ШЖҚ РМК "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" филиалы 2024 ж. тамыз-желтоқсан	1,79	

"Қазсунар" ШЖҚ РМК "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" филиалы 2025 ж. қаңтар-шілде	1,17	
"Қазсунар" ШЖҚ РМК "Қаныш Сәтпаев атындағы канал" филиалы 2025 ж. 1 тамыздан бастап		2,48
«ҚазТрансОйл» АҚ	0,38	0,38
«ПМХЗ» ЖШС 2024 ж. тамыз - 2025 ж. ақпан	0,425	
«ПМХЗ» ЖШС 2025 ж. наурыз-шілде	0,432	
«ПМХЗ» ЖШС 2025 жылғы 1 тамыздан бастап		0,432
«ФерроТрансТрейд» ЖШС 2024 ж. тамыз-қыркүйек	3,85	
«ФерроТрансТрейд» ЖШС 2024 ж. қазан – 2025 ж. шілде	3,93	
«ФерроТрансТрейд» ЖШС 01.08.2025ж. бастап 31.10.2025 ж. дейін		3,86

**«ПЭТК» АҚ-ның ұлттық электр желілерін пайдалану бойынша нақты шығындары мен 342 206 мың теңге сомасындағы электрмен жабдықтаудың шекті бағасының құрылымына енгізілген шығындары арасындағы айырмашылық нәтижесінде пайда болған залалдар.**

«ПЭТК» АҚ 10.08.2024 ж. бастап 31.07.2025 ж. дейін қолданылған 29,04 теңге/кВтсағ шекті бағасында ҚҚС-сыз 2,001 теңге/кВтсағ мөлшеріндегі ұлттық электр желісін пайдалану үшін «KEGOC» АҚ қызметінің құны ескерілген. 01.08.2025 жылдан бастап қолданыстағы 32,58 теңге/кВтсағ шекті бағада – 2,561 теңге/кВтсағ ҚҚС-сыз.

«KEGOC» АҚ-ның ұлттық электр желіні пайдалану үшін нақты тарифі:

01.04.2025 ж. бастап **2,452 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз)**, ескерілгенмен салыстырғанда өсу + 23%;

01.10.2025 ж. бастап **2,86 теңге/кВтсағ (ҚҚС-сыз)**, ескерілгенмен салыстырғанда өсу + 12%.

**«ПЭТК» АҚ өндірісті теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша шығындар айырмашылығынан 7 569 мың теңге сомасындағы залал.**

**«ПЭТК» АҚ -ның электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге байланысты 334 262 мың теңге сомасындағы залал.**

«ПЭТК» АҚ 10.08.2024 ж. бастап 31.07.2025 ж. дейін қолданылған 29,04 теңге/кВтсағ шекті бағасында 211,9 МВт көлемінде ОГЭМ қызметіне арналған айына 1 195 963 теңге/МВт бағасы бойынша шығындар ескерілген. 01.08.2025 жылдан бастап қолданыстағы 32,58 теңге/кВтсағ шекті бағада 225 МВт көлемінде ОГЭМ қызметіне арналған айына 1 439 381 теңге/МВт бағасы бойынша шығындар ескерілген.

ОГЭМ қызметіне арналған айына 1 439 381 теңге/МВт бағасы бойынша нақты жұмсалған шығындар, оның ішінде 2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте және 2025 жылғы желтоқсанда 225 МВт көлемінде, 2025 жылғы қазан-қараша айларында 281 МВт көлемінде болды.

01.01.2025 ж. бастап 05.11.2024 жылғы №14-01-ДОС-192 жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетуге арналған шартқа сәйкес бөлшек тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін ОГЭМ қызметінің шарттық көлемі 225 МВт құрайды.

05.11.2024 жылғы №14-01-ДОС-192 жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетуге арналған шартқа №1 қосымша келісімге сәйкес 01.10.2025 ж. бастап бөлшек сауда нарығындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін ОГЭМ қызметінің шарттық көлемі 281 МВт құрайды.

05.11.2024 жылғы №14-01-ДОС-192 жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетуге арналған шартқа №2 қосымша келісімге сәйкес



01.12.2025 ж.бастан бөлшек сауда нарығындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау үшін ОІЭМ қызметінің шарттық көлемі 225 МВт құрайды.

Электр энергиясын сатып алудан түскен табыс **226 469 мың теңге**, оның ішінде:

- "КОРЭМ" АҚ-нан 14,00 теңге/кВтсағ бағаның орнына ҚҚС-сыз 20,65 теңге/1кВтсағ орташа жылдық бағасы бойынша 34 048 мың кВтсағ көлемінде электр энергиясын сатып алу/сату есебінен 226 476 мың теңге сомасындағы табыс (БС-дан сатып алудың көзделген бағасы).

- 14,00 теңге/кВтсағ бағасының орнына ҚҚС-сыз 21,63 теңге/1кВтсағ орташа жылдық бағасы бойынша электр энергиясының таза тұтынушыларынан сатып алумен байланысты залал 7 мың теңге (БС-дан сатып алудың көзделген бағасы).

2) Тұтыну көлемі бойынша және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді қолданудан болған залал (тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді қолданған кезде жеке және заңды тұлғалардың жалпы тұтыну көлемінің үлес салмағының өзгеруіне байланысты жеке тұлғалардың электр энергиясына сараланған тарифтерді қолдануына байланысты «ПЭТК» АҚ-ның нақты алынбаған табысы) - 644 008 мың теңгені құрады.

ҚҚС есептемегенде 1 кВтсағ үшін 30,235 теңгенің орташа өлшенген бағасы бойынша 1 621 723 мың көлемінде электр энергиясын нақты өткізу 49 032 929 мың теңгені құрады (1 кВтсағ үшін 30,632 теңге орташа жылдық сату бағасы СПЦ көзделген).

Тұтыну көлемі бойынша және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифті қолданудан болатын шығындарды есептеу қоса беріледі.

### 3) ЭТН залалдары – 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы факт.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуға байланысты «ПЭТК» АҚ-ның 2025 жылғы залалы 71 320,688 мың кВтсағ көлемінде 742 833 мың теңгені құрады.

Айлар бойынша қорытынды деректер кестеде келтірілген.

Есептеу қосымшада келтірілген.

3.1.2. 01.08.2025ж. дейін қолданылатын тарифтегі 1 557 925 мың теңге сомасындағы ПЭС залалын өтеу.

Есептеу ТЖ қосымшасында келтірілген.

3.1.3 01.08.2025ж. бастан қолданылып жүрген тарифте ескерілген -132 714 мың теңге сомасындағы негізсіз табыс.

Шекті баға құрылымында 2025 жылдың 1 тамызынан бастан «ПЭТК» АҚ-ның 257 969 мың теңге сомасында негізсіз кірісі көзделген. 01.08.2025 ж. бастан 31.12.2025 ж. дейінгі кезеңде нақты өтелген негізсіз алынған табыс 125 255 мың теңгені құрайды. Өтелетін қалдық - **132 714 мың теңге.** Есептеу қосымшада келтірілген.

3.1.4. 01.08.2025 ж. бастан тарифте ескерілген дебиторлық және кредиторлық қарыз арасындағы 1 542 734 мың теңге сомасындағы айырманың өтелмеген қалдығы.

Шекті баға құрылымында 2025 жылғы 1 тамыздан бастан 2 998 752 мың теңге сомасында дебиторлық және кредиторлық қарыз арасындағы айырманы өтеу көзделген. 01.08.2025-31.12.2025 жылдар аралығында 1 456 018 мың теңге сомасына өтемақы алынды. Өтелмеген қалдық **1 542 734 мың теңгені құрайды.**

3.1.5. 01.01.2026 жылғы жағдайы бойынша «ПЭТК» АҚ-ның алынбаған жиынтық табысы:

Егжей-тегжейлі: «ПЭТК» АҚ-ның алынбаған табысы	ҚҚС есебінен мың теңге
---	---------------------------

2025 жылғы толық алынбаған кіріс (бекітілген шығыстардан нақты шығыстардың артуы)	2 045 535
Тұтыну көлемі бойынша және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифті қолданудан болатын залалдар	644 008
ЭТН шығындары – 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы факт	742 833
01.08.2025 ж. дейін қолданыстағы тарифте ПЭС залалын өтеу	-1 557 925
01.08.2025 ж. бастап қолданылып жүрген тарифте ескерілген негізсіз табыс	-132 714
01.08.2025 ж. бастап тарифте ескерілген дебиторлық және кредиторлық қарыз арасындағы айырманың өтелмеген қалдығы	1 542 734
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>3 284 472</b>

#### 4. Электр энергиясын өткізудің жоспарланған көлемі

Бірыңғай сатып алушыдан сатып алынатын, шекті баға есебінде ескерілген «ПЭТК» АҚ тұтынушыларына электр энергиясын өткізудің жоспарланатын жылдық көлемі жылына **1 536 542 мың кВтсағ/жыл құрайды**, бұл «ПЭТК» АҚ тұтынушыларына электр энергиясын өткізудің нақты көлеміне сәйкес келеді, «KEGOC» АҚ-ның 2025 жылғы нақты теңгерімімен расталады және Департаменттің 24.07.2025 ж. № 55-1-06-/50НҚ дәлелді қорытындысына сәйкес 01.08.2025 ж. бастап қолданыста болған электр энергиясының шекті бағасының құрылымында жоспарланған сату көлемінен жоғары.

Шекті баға есебінде ескерілген «ПЭТК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын берудің жоспарланатын жылдық көлемі **1 464 499 мың кВтсағ/жыл құрайды**, бұл 2025 жылы тұтынушылар үшін «ПЭТК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын берудің нақты көлеміне сәйкес келеді және 01.08.2025 ж. бастап қолданыста болған электр энергиясының шекті бағасының құрылымында «ПЭТК» АҚ желілері бойынша берудің жоспарланған көлемінен жоғары (**1 439 566 мың кВтсағ**) және берілген электр энергиясының нақты көлемінің актілерімен расталады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ филиалы – «Павлодар электрмен жабдықтау дистанциясы», «Қаныш Сәтбаев атындағы канал» филиалы «Қазсушар» ШЖҚ РМК, «ҚазТрансОйл» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС, «ФерроТрансТрейд» ЖШС желілері бойынша электр энергиясын берудің жоспарланған жылдық көлем «ПЭТК» АҚ аталған энергия беруші ұйымдармен 2026 жылға жасасқан шарттарға сәйкес келеді.

Баяндалғанды ескере отырып, қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларының 3, 4-тармақтарына сәйкес «Павлодар Электржелістік Тарату Компаниясы» АҚ «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ-ін **2026 жылғы 1 маусымнан бастап** электр энергиясын бөлшек саудада өткізуге (электрмен жабдықтауға) шекті бағаның **37,81 теңге/кВтсағ** дейін көтерілетіні туралы хабардар етеді.

«Қоғамдық маңызы бар нарықтардағы баға белгілеу қағидаларына» сәйкес «ПЭТК» АҚ Сіздің мекенжайыңызға шекті баға есебіне бағалар мен тарифтерді енгізудің негізділігін растайтын және бағаға сараптама жүргізу үшін қажетті кез келген қосымша ақпаратты ұсынуға дайын.

Бас директор



А.В. Глотов

**Пояснительная записка  
АО «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания»  
с обоснованием целесообразности повышения предельной цены  
на электрическую энергию с приложением документов, подтверждающих  
причины повышения**

В соответствии с «Правилами ценообразования на общественно значимых рынках» от 01.02.2017 г. АО «Павлодарская Распределительная Электросетевая Компания» (далее – АО «ПРЭК») уведомляет о предстоящем повышении цены на электроснабжение выше действующей предельной цены с **01 июня 2026 года** по следующим причинам.

**1. Изменение тарифов субъектов оптового рынка электрической энергии.**

**1.1. Изменение тарифов на регулируемые услуги АО «KEGOC».**

Приказом председателя Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 27.03.2025 г. №36-ОД изменены тарифы на регулируемые услуги АО «KEGOC», в том числе:

- 1) услуга по пользованию национальной электрической сетью:
  - с 1 июня 2026 г. по 30 сентября 2026 г. **2,892 тенге/кВтч**;
  - с 1 октября 2026 г. по 31 мая 2027 г. индексация на 7,5%, согласно долгосрочному прогнозу развития РК на 2026-2035 г.г. и составляет **3,109 тенге/кВтч**.
- 2) услуга по организации балансирования производства-потребления электрической энергии:
  - с 1 июня 2026 г. по 30 сентября 2026 г. **0,086 тенге/кВтч**;
  - с 1 октября 2026 г. по 31 мая 2027 г. индексация на 7,5%, согласно долгосрочному прогнозу развития РК на 2026-2035 г.г. и составляет **0,092 тенге/кВтч**.

Подтверждающие документы: договоры на оказание услуг по пользованию национальной электрической сетью и по организации балансирования производства-потребления электрической энергии, заключенные между АО «KEGOC» и АО «ПРЭК», приказ об утверждении тарифов на услуги АО «KEGOC», **долгосрочный прогноз развития Республики Казахстан на 2026-2035 годы (МНЭ РК, октябрь 2025 года)**.

